

ISSN 0132 - 6155

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

ХАБАРЛАРЫ ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

СЕРИЯ
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ
3.2009



Ж.А.
Терно

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

ХАБАРЛАРЫ

ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ТІЛ, ӘДЕБИЕТ СЕРИЯСЫ
СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

3 (175)

МАМЫР – МАУСЫМ 2009

МАЙ – ИЮНЬ 2009

1974 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАРДАН БЕРІ ШЫҒАДЫ
БІР ЖЫЛДА 6 РЕТ ЖАРЫҚ КӨРЕДІ

ИЗДАЕТСЯ С ЯНВАРЯ 1974 ГОДА
ВЫХОДИТ 6 РАЗ В ГОД



ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫ

АЛМАТЫ
НАН РК

Ж. М. ҚОҢЫРАТБАЕВА

КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР ТРАНСФОРМАЦИЯСЫНЫҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ

Қазақтың жазба көркем прозасы мен оның тілінің шын мәніндегі дамуы араға көп уақыт салмай, бірден дерлік көркемдік сипат алды десек, оның бір ұшы жас қазақ прозаиктерінің әуелден-ақ жалпыхалықтық тілдің сөз байлығын қолдануда өртүрлі стилистикалық тәсілдерге жиі баруларында жатыр деуге болады. «Проза тілінің пайда болуы, дамуы, үнемі қалыптасып отыруы — тіл құралдарының барлық түрінің әрдайым шыңдалып, толыса түсуі, жетіле беруі. Жалпы творчестволық шеберліктің өзінде шек болмайтыны сияқты әрбір сөздің, тілдегі жалпы бейнелегіш-көріктеу құралдарының, кейбір жеке сөздердің, тіркестердің стильдік бояуы, көркемдік функциясы, эмоционалды-экспрессивтік нақышы қолданылу процесінде ылғи өзгеріп, жаңғыра түседі», — деп проза тілінің қыр-сырын зерттеген ғалым Е.Жанпейісов атап көрсеткендей [1. 141], енді ғана бой түзей бастаған алғашқы қазақ прозасында тілдік өзгерістердің құрам-құрылымы жағынан да, мағыналық жағынан да жаңғыртыла қолданылуының жолдары көп. Тілдік нормадан уәжді ауытқудың грамматикалық, аномалиялық, метабазистік құбылыстары алғашқы қазақ прозашылары тілінің фразеологиялық жүйесінде белгілі бір қажеттіліктен туып отырғаны сөзсіз.

XX ғ. басындағы қазақ прозасы тілінде ең бір өнімді жұмсалған құбылыс — фразеологизм сынарларының дағдылы орнын алмастырып, инверсия жасау тәсілі екені көзге түседі. Көбіне еркін тіркестерге тән болып келетін мұндай тәсілді фразеологиялық оралымдарда қолданудың өзіндік мәні бары байқалады.

Асығып қатем болса хабарландар,

Итерме көре-тұра құлар *жарға*

(«Қыз көрелік», 94-б.)

Тұрған соң көзің көріп қиянатты,

Тартады уайымдап *көңіл салқын* («Бақытсыз Жамал», 146-б.). Дәстүрлі тұлғасы — «салқын тартады». Ол «көңілі қабарды, жабықты» деген мағынасынан байланысын үзбей, шығарма тіліндегі әсем әуездің қалыптасуына арқау болып тұр. Тұрақты тіркестің құрылымдық жүйесі біршама өңделгенімен, оның дәстүрлі мән-мағынасында айтарлықтай өзгеріс жоқ. Фразеологизмдердің

бұл секілді орын алмастырып келу жағдайын трансформацияға түсуден гөрі, өлең сөздің шарттарына байланысты болатын құбылыс деп танушылық бар. Оның «өлең шартынан туатын құбылыс» деп танылуына қара сөз үлгілерінде жүйелі орын тәртібімен қолданылуы негіз болады. Мысалы, «*тісін қайрады*» деген фразеологизмнің (мағынасы: «ыза болды, кектенді») қара сөзді мәтіндегі қолданысы:

Тістерін қайрап отырған болыс пен билер бір сағат кешіктірмей тексеріп, қолға ала бастады («Бақытсыз Жамал», 155-б.) — деп еш өзгеріссіз берілсе, ал өлең сөзде оның жігі екі ажыратылып жіберіледі:

«Босағама бір келер күні болса,

Көрермін!» деп *қайраған* күйеу *тісті*

(«Кім жазықты», 34-б.).

Тағы бір мысал. Жармұхамет... шығарда екі қазақты *көзіментағы* бір *атын*, жүріп кетті («Қазақ», 1916, № 174). Жақтырмау сынайын білдіретін бұл фразеологизм өлең жолында:

Жағам деп қылған ісін, не жүрісін,

Атады оқты көзбен еш ұнатпас («Кім жазықты», 44-б.) — деген түрде сынарларының орындары ауысып беріледі. Сөздердің бұлай орын ауыстырып келуі фразеологизмге стильдік те, мағыналық та өзгеріс беріп тұрған жоқ. Сондықтан фразеологизмнің бойындағы бұл секілді өзгеше қолданыстарды өлеңнің ырғағын, әуезділіктің «шырқын» бұзбау, тармақтарының үйлесімді ұйқасын сақтау қажеттілігінен туған, яғни өлең шартынан болған құбылыс деп түсінеміз (Қазақтың алғашқы қара сөз үлгілері деп есептелетін XX ғ. басындағы көркем прозаның бойында өлең сөздің кездесіп отыратыны белгілі жайт).

Дегенмен, фразеологизм сынарларының дәстүрлі орын тәртібін алмастырып қолданудың уәжі де (мотиві) жоқ емес. Ондай мақсатта өзгерте жұмсаудың жарқын үлгісін Сұлтанмахмұт тілінен табамыз. Жазушы халық аузындағы «айран ішкен құтылып, шелек жалаған тұтылды» деген мақалды:

Кеуденменен партияда тау бұзушы ең,

Ал енді, кедей сорлы, құтыл күшпен!

Тұтылып «шелек жалап» тамам нашар,

Әлділер құтылысты «айран ішкен» («Кім жа-

зықты», 41-б.) – деп, өзінше өңдеп алған. Жазушы қаламына түскен халық мақалының бітімі онан сайын мүсінделе, өткірлене түсіп, көркем туындының бейнелі, айшықты шығуына өз дәрежесінде әсерін тигізбей қоймағанын аңғару қиын емес. Мұнда жазушының сөз қайталаушылықтан, жаттандылықтан гөрі, сонылыққа деген ұмтылысы, стильдік мүмкіндігі анық көрінеді. Бұған қоса мақалдың жазушы қолданысындағы бір ерекшелігі – сыңарларының ара жігі ажыратылып, атауларының екі жаққа бөлектеніп, парцелляцияланып жіберілуі. Парцелляция құбылысы – фразаны (ойды, сөйлемді) бөлшектеп, соған қатысты бір сөзді, не мәтінді жеке өз алдына аулақтатып орналастыру амалы. Бұл амал арқылы суреттеліп отырған ситуацияның бір сәтіне, қырына логикалық екпін түсіру мақсаты көзделетін болса, Сұлтанмахмұт бұл жерде дәрменсіз кедей таптың «шелек жалап тұтылып жүрген» күйіне баса мән беріп отыр.

Парцелляциялық құбылыстың ғажабы сол – жазушы қай нәрсеге (сәтке, қимылға, сын-сипатқа, т.т.) оқырман назарын аудартып, ой салмағын салғысы келсе, бәрін де еркін аулақтай (парцелляциялай) алады [2. 121].

Қатындар қуып сонда әр баланы,
Қарғап-сілеп, у-шу ғып ай даланы,
Өйткені Әжібай келіп бүгін жармақ

Жүректе көптен бітеу бір жараны («Кім жазықты», 67-б.). Бұл – дағдылы қолданыстағы «бітеу жара жарылды» фразеологизмінің Сұлтанмахмұт тілінде парцелляцияланып берілуі. Жазушы соңғы компонентті құрылымнан жеке дара оқшаулап, алдыңғы шумақтың үлесіне шығару арқылы оған ерекше стильдік мән жүктеп отыр. Мұнда өзінің дегенін жүргізіп үйреніп қалған Әжібайдың айналасына көңілі толмай, іштегі түйінді жармақ әрекеті басым көрінеді. Сондықтан бастары даң-дүнмен әбден қатқан үй ішіндегілер «ақыларын» балаларынан алу арқылы «дайындық» жасайды. Демек, «жармақ» парцелляция әрі Әжібайдың озбыр қылығын көрсететін ұтымды тәсіл болып шыққан.

Жалпытілдік қолданыста «екі оттың арасында қалды» фразеологизмінің мағынасы «айнала қиындыққа ұшырады» дегенді білдіреді. Міржақып осы фразеологизмнің құрамындағы сөздердің дағдылы орнын алмастырып, соңғы баяндауыш мүшесін парцелляциялап, жеке шығарып жұмсайды: *Арасында екі оттың,*

Мені, алла, қор еттің («Бақытсыз Жамал», 164-б.). Парцелляцияланған сыңарының лексикалық құрамында да өзгеріс бар: жазушы «азапқа салып, қадірін түсіру» деген ойды баса көрсету үшін «қалды» лексемасының орнына «қор еттің» тіркесін синоним етіп алып, оған ерекше экспрессиялық үн бере қолданған. Фразеологизмді бұлайша өңдеуден оның образдылығы артпаса, әлсіремеген. Ерекше мән алып отырған «қор еттің» парцелляциясын кейіпкердің ішіне түскен ыстық дертін, ішкі жан күйзелісін (бұл Жамалдың қалтасынан табылған соңғы зарлы хаты еді) жеткізуге қызмет етіп тұрған өткір сөз орамы деуге болады. Сайып келгенде, бұл парцелляциялық құбылыстың негізгі қызметі – стильдік мақсат көздеу. Жазушылар фразеологизмнің белгілі бір сыңарына ой екпінін түсіріп, сол арқылы оқиғаның негізгі басқы мезетіне, өзінің нені айтпақ болғанына оқырман назарын аударуды мақсат етеді.

Трансформацияланудың көркем проза тілінде аса кең тараған түрі – фразеологиялық сөз орамдарының лексикалық құрамын жаймалап қолдану. Бұл – эллипсиске қарама-қарсы құбылыс. Эллипсиске ұшыраған фразеологизмдердің етек-жені әбден ықшамдалған күйде келсе, ал жаймалап қолдану тәсілінде жалпытілдік қолданыста фразеологизмдермен ілесе жүретін серіктес сөздер сөз арасына қыстырылып отырады да, оның қалыптасқан құрылымын кеңейтіп, етек-жені жаймаланып жұмсалады. Тұрақты тіркестердің құрамына (аралығына) үстеме компоненттер қосып, жаймалап қолдану, негізінен оның контекстегі мағынасын дәлдеу, мазмұнын кеңейту, эмоциялық-экспрессивтік реңкін күшейту сияқты стильдік мақсаттан туындайды. «Тісі батпайды» фразеологизмі «батылы бармайды» ұғымында жұмсалатын тұрақты тіркес екені белгілі. Осы тіркеске «Қыз көрелік» романында «тырнақ» сөзін қосып, жазушы «батылы, күші тіпті жетпейді» деген ұғымды одан сайын күшейтіп береді:

Және ешкім мені малға сата алмайды,
Батпайды тіс-тырнағы маған зұлым (105-б.).
Келесі мысал. Алтынбастың мұнысы, дұрыстық таразысына тартқанда, жалғыздық қалашыларды жаяу-жалпы қалдырып ірге күшке һәм заң білгендікке салған болса да, екінші жақтан қазақша барымта деуге сиярлық іс болып, барымтамен бас қосу болса керек («Қазақ», 1915, № 134). Оспан қанша айтқанмен би кісі ғой, ол жайлап

сездірді: ...Бар, қай тандағанын ал. *Қабырғаға да, қатыныға да кеңес!* — деп тұрып кетті («Қамар сұлу», 106-б.).

Алғашқы контексте «ой өлшемімен салмақтау» деген мағынадағы «*таязыға тарту*» фразеологизміне «*дұрыстық*» лексемасы қосылып, берер мағынаны дәлдей, анықтай түсу мақсаты көзделсе, ал соңғы қолданыстағы фразеологизм — «*қабырғамен кеңесу*» деген тілдік тіркестің жаймаланған варианты. Тілде «қабырғамен кеңесу» фразеологизмі жақын кісілермен келісу, ақылдасу, өз-өзімен ойласу деген ұғымда жұмсалады (Мұндағы «қабырға» дегенге дос-жар әйел, жанашыр туысқан кісілер жатады. Қырғыз тілінде де: «Кенешчи» болбосо қабырғаменен кеңеш» деген фраза бар). Яғни мұнда бір ұғымды түсіндіруде өзара мәндес сөздер қайталанып қолданылып, әуелгі мағынаға «кіммен ақылдасқан онымен ақылдас, тіпті жалпақ жұртпен ақылдас» дегендей үстеме мән қосылып тұр. Бұл секілді плеонастикалық түзілімдер фразеологизмнің мазмұнын күшейте түсетіндігі сөзсіз. Бұл кезең жазушыларының тілінде тұрақты сөз орамдарының жаймаланып берілуінде тек жеке сөздерді ғана қосып қоймағанын, оны сөз тіркесі түрінде де, тіпті кейде тұтас бір сөйлемдік формада да қолданғаны байқалады. Мысалы, С.Торайғыров «Қамар сұлу» романында амалы құрыған Омардың жайын былайша бейнелейді:

«*Суға кетіп бара жатқан тал қармайды*» деген ғой, қатынына ақылдасқан болып еді: «Өзің білесің де... Орынды жер ғой...» деп отырған сұңқарының дәмді сөзін естіп, онан жаман сақалын жұлды» (107-б.). Халық аузында жиі кездесетін «суға кеткен тал қармайды» деген мәтелді жазушы оқиғаның логикасына байланысты «*суға кетіп бара жатқан тал қармайды*» деп тұрақты түрді түрлендіріп, жаймалап қолданады. Мұндағы үстеме тіркес (-іп бара жатқан аналитикалық форманты) мәтелдің семантикалық жүйесіне жаңғырту енгізген: ол арқылы Омардың әлі «*суға кетпегенін*», яғни жорға Нұрымның жылымына батпағанын аңғарамыз. Айтылмақ ойдың дәлдігін нақтылау мақсатында келетін ұлғайған, яғни жаймаланған тіркестердің қатарын кеңейте беруге, әрине, болады. Мұндай стильдік мақсатта жұмсалған фразеологизмдер өзінің көркемдік бітім үдесінен шығып жатса, кейде олардың синтаксистік құрылымының шұбаланқы, күрделілігін де байқауға болады:

«*Ауызға сөз, маңдайға көз боп жүріп,*
Қор болған, міне осылай Қамар» — десін («Қамар сұлу», 119-б.).

... мен де оқымаған, білмеген әйелдердің *көңіл-көзін ашсам-ау* деген мақсаттамын («Қыз көрелік», 10-б.). С.Торайғыров әдеби тілдік нормадағы «*ауыздыға сөз болу*» тұрақты тіркесінің контекст аясында әдемі, әуезді түрін ұлғайта қолданса, ал Т.Жомартбаев кейіпкерінің аузына қос сөзді «*көңіл-көзін ашсам-ау*» тұрақты тіркесін сала отырып, бір жағынан, кейіпкер бейнесін нақты беруге, екінші жағынан, өз заманының шынайылығын жеткізе білуге ұмтылыс жасаған. Және онысы сәтті шыққан. Фразеологизмнің құрамын жаймалап жұмсау арқылы жазушылар экспрессиялық әсерді күшейте түседі:

Қырық жылқы, он түйе, бес жүз сом ақшаға Қамардың *сорын қайнатып, (саудасын пісіріп қойды)* («Қамар сұлу», 103-б.); Қатарынан асып аузымен құс тістеген Ғалымның *беделі түсіп, (белі сынып)* айласы таусылды («Мұңлы Мариям», 17-б.); Мұқаш мырза мен Сейітжан мырзалардың Ғайникамалға *есі-(дерті, ықыласы бек) кетіп қалған екен* («Қыз көрелік», 104-б.). Бұл тіркестердің жақша ішіне алынғандары — жалпыхалықтық тілде қолданылатын фразеологизмдердің құрамына қосылып тұрған үстеме компоненттер. Олар фразеологизмдердің құрамына қосымша мән-мағына үстеп, еселеп, проза тілінің әртүрлі стилистикалық мұқтаждығын өтеуге қызмет етіп тұр.

Тілдегі «алыстан, қиыннан іздегені аяқ астынан кезіге кетті» ұғымында жұмсалатын «көктен сұрағаны жерден табылды» фразеологизмінің ұлғайтылып берілуі әр қаламгердің сөз саптасында әрқилы кездеседі. Мәселен, Сұлтанмахмұтта: Оспанға, өзінше, жорға Нұрым секілді дәрежелі кісінің күйеу боламын дегені *құдайдың көктен айдап түсірген жақсылығы еді* (103-б.) деп трансформацияланса, ал «Болыс боламын» деген «Айқап» әңгімесінде: Мен бұрын тәжірибе көрмеген жас адам болған соң, *іздесең табылмай тұғын бақты құдай айдап есігіме әкеліп берді ғой* деп елігіп... («Айқап», 1913, № 1) — деген мүлдем жаңаша түрге көшеді. Мұнда қалыпты (халықтық) фразеологизм үстеме компоненттер арқылы толық бір сөйлем сипатында келіп тұр. Жана түр, ерекше мағыналық реңк алған олар қара сөздің тігісіне шебер жатқызылған. Фразеологизмдердің құрылымы жағынан алшақтығы байқалса да, түпкі мағына байланысы үзілмегенін байқауға болады.

Қорыта келгенде, бұлайша фразеологизмдердің құрамын трансформациялап қолдану — алғашқы қазақ жазушыларының әдебиеттен-ақ тіл құдіретін дұрыс таныған сөз жұмсау мүмкіндіктерінің молдығымен түсіндіріледі. Халық тілінің фразеологиялық қазынасын өз бойына мол сіңіру арқылы, оны трансформацияланған түрінде мәнді материал, көркем құрал етіп орынды пайдалану арқылы қазақ прозасы өз кезіндегі жазба әдеби тілді байытып, жаңа өрнек, әсерлі тіркестермен толықтыра түсті. Сондықтан да қазақ әдебиетінің әлемдік масштабқа танылып, халықаралық атаққа ие болуы проза жанры арқылы көрінген десек,

оның осындай деңгейге көтерілуінің бірден-бір көшбасшысы ХХ ғ. басындағы қағазға түскен көркем кара сөз үлгілері болып есептеледі.

ӘДЕБИЕТ

1. Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. Алматы: Ғылым, 1968. 265 б.
2. Сыздық Р. Сөз құдіреті. Алматы: Санат, 1997. 224 б.

Резюме

Статья посвящена рассмотрению некоторых аспектов трансформации фразеологизмов в художественном тексте (на материале казахской прозы начала ХХ века).

К. М. АБИЛЬДАЕВА, А. Б. УРАЗЫМБЕТОВА

ИЗ ОПЫТА РАБОТЫ НАД УЧЕБНЫМИ ПОСОБИЯМИ ПО МОДУЛЬНОЙ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ

В современной высшей школе идёт активная перестройка: традиционная информирующая технология обучения, при которой преподаватель выступает как основной источник знаний, а студенты мыслятся пассивно воспринимающими информацию, всё чаще заменяется инновационными технологиями, нацеленными на активизацию процесса обучения и развитие творческого потенциала студентов. Этот процесс — важное условие подготовки такого специалиста, который будет соответствовать потребностям общества XXI века.

Подготовка высококвалифицированных специалистов без обстоятельного обучения их русскому языку малопродуктивна. Необходимость изучения русского языка в функционально-стилистическом аспекте общепризнана. Специалист, обладающий необходимыми специальными знаниями, но имеющий скудный словарный запас, не способный подобрать соответствующие слова для ясной передачи мысли и затрудняющийся грамотно изложить полученную информацию, бесспорно, проиграет перед коллегами, которые получили серьёзную языковую подготовку.

Авторами была сделана попытка реализовать технологию модульного обучения при преподавании русского языка в высшем учебном заведении и среднем профессиональном звене [1; 2].

Результатом наших психолого-педагогических исследований были издания учебных пособий по русскому языку для вузов и средних профессиональных учебных заведений на основе модульной технологии обучения М. М. Жанпейисовой [3].

Среди разнообразных направлений новых педагогических технологий (обучение в сотрудничестве, метод проектов, разноуровневое обучение, индивидуальный и дифференцированный подход к обучению и т.д.) авторами использована интерактивная модульная технология М. М. Жанпейисовой (2001), основанная на современных данных психологической и педагогической наук о личности школьника. Главной отличительной чертой гуманистического подхода в психологии и в образовании является особое внимание к индивидуальности человека, его личности, ориентация на сознательное развитие самостоятельного критического мышления. Такой подход рассматривается в мировой педагогической практике как альтернативный традиционному, основанному, главным образом, на усвоении готовых знаний и их воспроизведении. Интерактивная модульная технология М. М. Жанпейисовой (2001), которая, по нашему мнению, реализует главную человеческую потребность — потребность в общении.

Главное достоинство в том, что опытные учащиеся решают учебные задачи, ориентируясь на внешний мир, посредством взаимодействия учебные функции. При этом происходит осознание функций, формирует личность, формирует личность другим личностями. Учебный процесс непосредственно ориентирован на оригинально мыслительное анализе информации, взаимодействие, принимать участие для интерактивных действий и дискуссий эвристических методов.

Важной особенностью становится столько внешние пролонгированные это специальная деятельность.

В учебном достижении связанного с стилями, закон пользования меры, принадлежно. Подробно рассматривая основную цель будущих специалистов, то есть тическихми тивные задачи из научной оценку полную информацию основы профессиональные навыки всех специалистов преподаватель являются (ного) воспитание Коммунистического владения